



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 9 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**

***Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген  
қаражаттың жұмсалуды бақылау туралы***

**2015 жылғы 29 қаңтар**

**Алматы қ.**

2015 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) кезекті отырысы өтті.

Отырысқа «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Даму» КДҚ» АҚ, «Бәйтерек девелопмент» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ басшылары қатысты.

«Даму» КДҚ» АҚ-тың ақпараты бойынша, өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК субъектілерінің жобаларын қаржыландыру<sup>1</sup> үшін бөлінген қаражаттың қайталама игерілуі 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2,360 млрд. теңге немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 2,3%-ын құрайды.

Өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды қаржыландыру<sup>2</sup> үшін бөлінген 50 млрд. теңгеден банктер 7,735 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 15%-ына 32 жобаны іс жүзінде қаржыландырды. Олардың ішінде 6, 803 млрд. теңге сомаға немесе іс жүзінде игерілген соманың 88%-ы мөлшерінде 28 инвестициялық жоба

---

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 354 қаулысы

<sup>2</sup> «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1276 қаулысы

қаржыландырылды. Айналым қаражатын толықтыру мақсатында 932 млн. теңге сомаға немесе іс жүзінде игерілген соманың 12%-ына 4 жоба қаржыландырылды.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың ақпараты бойынша ҮИИДМБ-2 жобаларын қаржыландыру үшін қарыз түрінде бөлінген 50 млрд. теңгеден 3,406 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 7%-ы мөлшерінде 1 жоба («Алтел» АҚ) іс жүзінде қаржыландырылды.

Ірі кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру үшін қарыз түрінде бөлінген 50 млрд. теңгеден 1,161 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 2%-ы мөлшерінде 3 жоба іс жүзінде қаржыландырылды.

Отырыс барысында құрылысты қаржыландыру және жалға алынатын тұрғын үйді сатып алу үшін 145 млрд. теңгені бөлуге дайындау туралы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тың және «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ-тың ақпараты тыңдалды.

ҰҚБК-тың 2014 жылғы 14 қарашадағы № 01-7.16 хаттамасына сәйкес кейіннен жалға беру үшін тұрғын үй салу мен сатып алуға 145 млрд. теңгенің бөлінуі мақұлданды (2015 жылы 92,5 млрд. теңге, 2016 жылы 52,5 млрд. теңге).

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бөлінген қаражатты «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ-тың еншілес компаниясына 30 жылға дейінгі мерзімге қарыз түрінде береді. «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ алынған қаражатты тұрғын үйді кейіннен сатып алу құқығымен және құқығынсыз халыққа жалға бере отырып, тұрғын үй салу мен сатып алуды қаржыландыруға жібереді.

***Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497, e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).***